

№67 гимназиясы 2018-2019 оқу жылының I оқу тоқсанында Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жайында

Анықтама

2018-2019 оқу жылында Астана қаласы Білім басқармасының 12.06.2018ж. №107-05/181 хаты негізінде ҚР Білім және ғылым министрлігі 2017 жылдың 27 шілде №335 «Қамқоршылық кеңес жұмысы ұйымдастырудың үлгілік ережелерін бекіту және оны ұйымдарда сайлау тәртібі туралы» бұйрығы бойынша жаңа қамқоршылық кеңес құрамының мүшелері бекітілді.



29.06.2018ж. күні қамқоршылық кеңесінің мүшелері мен гимназия әкімшілігінің отырысы болды. Онда 2018-2019 оқу жылында құрылған мектептің Қамқоршылық кеңесі мүшелері және жалпы ата-аналар комитеті мүшелерімен таныстырылып, Қ.Р. Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығын орындау мақсатында орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар туралы және 2018-2019 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы жұмыстарын жоспарлау мақсатында өткізілді.



05.09.2018ж. күні мектеп әкімшілігі мен Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірлескен отырысы болды. отырыста жаңа оқу жылына арналған мектептің ішкі ережесі және оқушы кодексі туралы талқылау мен ұсыныстар жасалды. Гимназия директоры мен қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б. Еспаев мектептің дамуына бағытталған жұмыс жоспарын қамқоршылық кеңесі мүшелерімен бірлесе құруды тапсырылды.



2018 жылдың 22 қыркүйек, 12-13 қазан айында мектептің жалпы ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңес мүшелері қатысып Ж. Ахметова, Б. Еспаев, А. Стамкуловалар мектептің ішкі тәртіп ережесі жайында таныстырды.



26-27.10.2018 ж. күндері 1-4 сыныптарға және 5-11 сыныптарға «Сабан той» жәрмеңкесі мен «Күз Аруы 2018» іс-шарасын қамқоршылық кеңесінің қатысуымен әділ-қазылар алқасының құрамында мектеп әкімшілігімен және ата-аналар комитетінің мүшелерімен бірлесе тәрбие жұмысын атқарды.



Гимназия директоры:

Г. Абдраманова